



**Автор:** ТЛЕУБАЕВА АНАРА САНСЫЗБАЕВНА

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 3- сынып

**Бөлім:** Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Жанды табиғат»)

**Тақырып:** Компьютердің құрылғылары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.1.1 енгізу (тінтуір пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: енгізу (тінтуір пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажыратады. Көптеген оқушылар: сандық құрылғылар туралы білімді меңгереді. Кейбір оқушылар: компьютердің негізгі құрылғыларымен танысады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Құрылғы, Монитор,Пернетақта,Тінтуір. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Компьютер қандай құрылғылардан тұрады? Сандық құрылғыларға нелер жатады?
Күтілетін нәтиже:	Компьютер құрылғыларын толық меңгереді
Бағалау критерийлері:	Енгізу (тінтуір пернетақта) және шығару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажыратады. Сандық құрылғылар туралы білімді меңгереді. Компьютердің негізгі құрылғыларымен танысады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек
Бастапқы білім:	Қауіпсіздік техникасы

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (10 минут)</p>	<p>Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 2 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Айналмалы бекеттер» Әр шағын топты бекетте орналастырып, арандататын сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді. <input type="checkbox"/> Компьютер деген не? <input type="checkbox"/> Компьютермен қалай жұмыс істейміз? <input type="checkbox"/> Компьютермен жұмыс істегенде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>«Мен ақылды баламын» сергіту жаттығуы. Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіруге арналған сұрақтар</p>
<p>Сабақтың ортасы (20 минут)</p>	<p>Ширату тапсырмасы. Компьютер қандай құрылғылардан тұрады? Сандық құрылғыларға нелер жатады? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) 1- топ «Сары кәмпиттер» процессор туралы мәліметпен таныстыр. 2- топ «Көк кәмпиттер» монитор туралы айтып беріңдер. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Сипаттаңыз: Ортақ қасиеті Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқушылар сергіту сәтін жасайды.</p>
<p>Сабақтың соңы (8 минут)</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Галлерияда ой шарлау тапсырмасын орында үшін бірінші берілген мәтінмен танысып алады. Сандық құрылғыларға нелер жатады? ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ара ұясы» техникасы Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп бүгінгі білім бойынша сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді. Қалай ойлайсың, дүкеннен жаңа компьютер сатып алу қажет болса, қандай құрылғыларды міндетті түрде алу қажет?</p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Рефлексия (2 минут)</p>	<p>(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Нысана» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p>	<p>«Нысана» кері байланыс парағы</p>